

<b>Мұғалім</b>	Шоншабаева Зарина Торегелдиевна
<b>Сынып: 4</b>	Нұр-Сұлтан қаласы №77 мектеп-гимназия
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Еркіндігім, қасиетім, қастерлім!
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары</b>	Тәуелсіздік туралы мағлұмат беру. Елге, жерге деген патриоттық сезімін ояту.
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Топтық жұмысты бірлесе орындайды, әндерді айтады. <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Қазақстан туралы берілген сөйлемдерді дұрыс құрай алады <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Туған жер туралы өлеңді үш тілде оқиды, өз тілектерін жазады.
<b>Бағалау критерийі</b>	Қазақстан, Тәуелсіздік туралы мағлұматтарды біледі
<b>Ойлау дағдылары</b>	Қолдану, талдау
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Үш тілде сөйлей білу
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Отансүйгіштікке, Отанын қадірлеуге үйрету; ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақ тілі, музыка, тарих
<b>Алдыңғы білім</b>	Тәуелсіздік туралы біледі, өз пікірін ортаға салады
<b>Көрнекіліктер</b>	Қазақстан суреттері, слайдтар, шағын көрме, макеттер

### Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<b>Ұйымдастыру кезеңі</b> <b>Кіріспе сөз</b> Мұғалімнің сөзі Бүгінгі «Еркіндігім, қасиетім, қастерлім» атты ашық тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз. Қазақстан тәуелсіздіктің арқасында көптеген жетістіктерге жетті және еркіндік, бірлік, тұрақтылық құндылықтары қалыптасты. Балалар мен сендерге сұрақ қоғым келіп тұр: - Осы күнде Қазақстан несімен мақтана алады?		
Сабақтың ортасы	Жанель Көк туым көтерілді бағым жанып, Елтаңбам күллі әлемге танылды анық. Шырқадым әнұранды бар дауыспен, Арманым – Ата Заңым қабылданып. Бекзат		

	<p>Әнұраным жанұраным,  Айтар әнім, сөйлер сөзім.  Туған жерім – сағынарым  Мәңгі бақи шырқалады,  Республикам әнұраны  - дей отырып Әнұранды шырқаумен сабақты  бастасақ</p> <p><b>Мұғалім:</b>  -Балалар сендер, еркіндік деген сөзді қалай  түсінесіңдер?  Үлкендеріміз жасап берген жолды алдағы уақытта  жалғастырушылар – сендерсіңдер. Ендеше  оқушылардың орындауында өлеңге кезек берейік!</p> <p>Мансұр:  Тәуелсіздік  Авторы Қалқаман Сарин  Еркіндігім.  Қасиеттім.  Қастерлім.  Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!  Кеше сенің келбетіңді арман ғып,  Боданына бұғауландық басқа елдің.  Бабалардың басын тігіп бәйгеге,  Аналардың жанарына жас бердің!</p> <p>Расул:  Уа, Еркіндік,  қош келдің!Өзегімді өртке ораған қоғамда,  Өз үйіме өзім өгей болам ба?!</p> <p>Алшаң басып жүре алмаса алты алаш  Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!  ...Саған жету қиын болса қаншалық,  Сақтап тұру қиынырақ одан да!  Алла берген азаттықтың әр сәті-  Аманат қой  Маған,  Саған  Оған да!</p> <p>Марьям:  Саясатқа сермей алмай семсерді,  Езгі күнге тері қылдым еңсемді!  Желтоқсанда жалын атып жастығым,  Құрсау болған темір қоғам теңселді!  Есте даңқы қыршындардың қалды ма,  Сексен алты ерлігім бе-ей, ең соңғы!?  Уа, еркіндік,</p>	<p>Қол шапалақ тау</p>	<p>Видео</p> <p>Видео</p>
--	--	--------------------------------	---------------------------

	<p>Құның немен өлшенді!?</p> <p>Амина: Уа, еркіндік! Құның немен өлшенді?! Сені көксеп Боздақтарым өлсе өлді! Сенсің менің ең ғажайып өлеңім, Ең шуақты, Ең шырайлы, Ең шерлі!</p> <p><b>Мұғалім:</b> Балаларға өлең бойынша сұрақ қою -Видеоден нені көрдіңдер? - Өлеңді тыңдағанда қандай сезімде болдыңдар? -Биыл Тәуелсіздікке неше жыл? Осы жыл ішінде Қазақстан қандай жетістіктерге жетті? Оқушылар кезек-кезек шығып, қағазға жазылған Тәуелсіздік сөзін шығарады <b>Ән:</b> " Батырлар ұраны" Алпысбай Дәулеттің орындауында</p> <p><b>Мұғалім:</b> Биыл Тәуелсіздігіміздің 27 жылдық мерейтойы. Енді оқушыларымыздың қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде туған жер туралы өлең жолдарын ұсынамыз.</p> <p>Нұрай: Рухынан жақсылардың нұр саулаған, Жанымды мейірімі құрсаулаған. Жайсаң өлке, жайдары Қазақстан, Шуақ шашқан сәулелі күнсің маған!</p> <p>Ақжан: Казахстан, ты - Родина моя! Здесь люди все как одна семья. Казахстан, ты могуч и высок, Пусть струится твой водный исток!</p> <p>Абылай: Kazakhstan - the native land Very because we love you. Sea, mountains, dal steppe- This is my Motherland!</p> <p><b>Мұғалім:</b> Енді топпен жұмыс: «Көршісін тап» және «Дұрыс құрастыр» ойыны. Бұл ойын арқылы сендер берілген сөздердің орналасу тәртібімен бір сөйлем</p>	<p>Қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде туған жер туралы өлең оқыды</p>	<p>Әріптер Шарлар</p>
--	---	--	---------------------------

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>кұрастырасындар және қиылған суреттерді құрастырасындар.</p> <p><b>1-топ:</b> Суреттердің бөліктері беріледі, сол суреттерді құрастыру керек. (Рухани жаңғыру символы шығады) Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру</p> <p><b>2-топ:</b> Суреттердің бөліктері беріледі, сол суреттерді құрастыру керек. (Қазақстан картасы шығады) Мен қазақпын! Қазақ жерінде, елінде туылдым.</p> <p><b>3-топ:</b> Суреттердің бөліктері беріледі, сол суреттерді құрастыру керек. (Астананың суреті шығады) (Астана – Қазақстан республикасының саяси, мәдени орталығы, бас қала.)</p> <p><b>4-топ:</b> Тәуелсіздік сөзіне топтастыру жаса</p> <p><b>Балалар хормен:</b> Елімізді өркендететін Қазақ тілін көркемдететін Бабаларға тағзым ететін Аналарға бас иетін Балалардан бар жақсылығын аямайтын Туымен тұғырлы Елтаңбасымен еңселі Әнұранымен айбатты Біз қазақ елінің болашағымыз! <b>Тәуелсіздікке тілек:</b> Туған жерімізді қалай жақсы көретінімізді сөзбен жеткізейік. 1.Еліміз аман болсын! 2.Әрқашан күн күлімдеп тұрысн! 3. Көк туымыз биік болсын 4. Аспанымыз ашық болсын 5. Ешқашан соғыс болмасын 6. Елбасымыз жасай берсін! 7. Болашағымыз жарқын болсын! 8.Қыран құстай биік болайық! 9.Намысты қолдан бермейік! 10. Астанамыз көркейе берсін! 11. Күніміз жарқырай берсін! 12. Заманымыз тыныш болсын! <b>Хор: "Егемен-ел Қазақстан" әні</b> <b>Қорытынды сөз:</b></p>	<p>Әр топтан оқушылар шығып қорғайды</p> <p>Балалар тілектерін жазып , Қазақстан картасына іледі</p>	<p>Қағазға жазылған 1-топ- Тәуелсіздік 2-топ - Егемендік 3-топ- Еркіндік 4-топ - Қазақстан</p> <p>Карта</p>
----------------------	---	--	---

	<p>Тәуелсіздігімізді алтындай ардақтап, асылымыздай бағалайық, қымбатымыздай құрметтей білейік. Сабағымыздың мәнді, мағыналы болып өтуіне бар білімі мен күш-жігерін салған оқушылар, сіздерге рақмет! Көңіл қойып тыңдағандарыңызға-аяулы ұстаздар, сіздерге алғысымызды білдіреміз!</p>		
--	---	--	--

